

Райымбек ауданының 2019-2021 жылдарға арналған бюджеті туралы

Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 48-223 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2019 жылы 17 қаңтарда № 5015 болып тіркелді.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 9-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Райымбек аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджет тиісінше осы шешімнің 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер 9 806 176 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер 73 086 мың теңге;

салықтық емес түсімдер 3 422 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 6 554 мың теңге;

трансферттер түсімі 9 723 114 мың теңге, оның ішінде:

төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер 8 792 мың теңге, оның ішінде:

нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару 8 792 мың теңге;

мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер 9 714 322 мың теңге, оның ішінде:

ағымдағы нысаналы трансферттер 2 815 095 мың теңге;

нысаналы даму трансферттері 554 472 мың теңге;

субвенциялар 6 344 755 мың теңге;

2) шығындар 9 889 834 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу 64 477 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер 106 050 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу 41 573 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) (-) 148 135 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) 148135 мың теңге.

Ескерту. 1 - тармақ жаңа редакцияда – Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 09.12.2019 № 61-289 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте аудандық бюджеттен ауылдық округтердің бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялар көлемдері 166712 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Жамбыл ауылдық округіне 15873 мың теңге;
Қайнар ауылдық округіне 16812 мың теңге;
Қақпақ ауылдық округіне 14381 мың теңге;
Қарасаз ауылдық округіне 16096 мың теңге;
Нарынқол ауылдық округіне 26556 мың теңге;
Сарыжаз ауылдық округіне 18800 мың теңге;
Сүмбе ауылдық округіне 14707 мың теңге;
Текес ауылдық округіне 12196 мың теңге;
Ұзақ батыр ауылдық округіне 15963 мың теңге;
Шәлкөде ауылдық округіне 15328 мың теңге.

3. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округтердің бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;

өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыруға;

елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға;

мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге.

Көрсетілген трансферттерді ауылдық округтердің бюджеттеріне бөлу Райымбек ауданы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 3 - тармақ жаңа редакцияда – Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 29.05.2019 № 54-258 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

4. Райымбек ауданы әкімдігінің 2019 жылға арналған резерві 3171 мың теңге сомасында бекітілсін.

5. 2019 жылға арналған аудандық бюджетті атқару процесінде секвестірлеуге жатпайтын аудандық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

6. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер осы шешімнің 5-қосымшасына сәйкес 1027 мың теңге сомасында көзделгені ескерілсін.

Ауылдық округтер әкімдері жергілікті өзін-өзі басқарудың қолма-қол ақшаны бақылау шотына түсетін бюджет қаражатының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

7. Осы шешімнің орындалуын бақылау Райымбек аудандық мәслихаттың " Жергілікті өзін-өзі басқару, әлеуметтік және экономикалық даму, бюджет, сауда, тұрмыстық қызмет көрсету, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, туризм жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

8. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Райымбек аудандық

мәслихатының сессия төрағасы

Райымбек аудандық

мәслихатының хатшысы

Д. Ерназарұлы

Е. Кудабаяв

Райымбек аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы "Райымбек ауданының 2019-2021 жылдарға арналған бюджеті туралы" № 48-223 шешіміне 1-қосымша

2019 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1 - қосымша жаңа редакцияда – Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 09.12.2019 № 61-289 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты		Сомасы
Сынып		(мың тенге)
Ішкі сынып		
	Атауы	
	I. Кірістер	9806176
1	Салықтық түсімдер	73086
01	Табыс салығы	3004
	2 Жеке табыс салығы	3004
04	Меншікке салынатын салықтар	42870
	1 Мүлікке салынатын салықтар	19926
	3 Жер салығы	2744
	4 Көлік құралдарына салынатын салық	15280
	5 Бірыңғай жер салығы	4920
05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	24419
	2 Акциздер	2352
	3 Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	17971
	4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алым	4096
08	Зандық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны үшін және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	2793
	1 Мемлекеттік баж	2793

2		Салықтық емес түсімдер	3422
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1060
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1060
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	2362
		1 Басқа да салықтық емес түсімдер	2362
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	6554
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	5416
		1 Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	5416
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	1138
		1 Жерді сату	1138
4		Трансферттердің түсімдері	9723114
	01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	8792
		3 Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	8792
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	9714322
		2 Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	9714322

Функционалдық топ			Сомасы (мың теңге)
Кіші функция			
		Бюджеттік бағдарлама әкімшісі	
		Бағдарлама	
		Атауы	
		II. Шығындар	9889834
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	475470
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	399719
		112 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	22322
		001 Аудан(облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	21372
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	950
		122 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	359138
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	121554
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	202379
		113 Жергілікті бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	35205
		123 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	18259
		001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17884
		022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	375
	2	Қаржылық қызмет	18856
		452 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	18856

		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16706
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	600
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1300
		018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250
5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	20999
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	20999
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20674
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	325
9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	35896
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	35896
		040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	35896
02			Қорғаныс	11972
	1		Әскери мұқтаждар	2692
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2692
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	2692
2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	9280
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	9280
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	7537
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	1743
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	630
	9		Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	630
	485		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	630
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	630
04			Білім беру	3995771
	1		Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	296977
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	296977
		024	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	169228
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	127749
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	3063672
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2957865
		003	Жалпы білім беру	2875542
		006	Балаларға қосымша білім беру	82323

	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	105807
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	105807
4		Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	37404
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	37404
	018	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру	37404
9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	597718
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	597718
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14320
	004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	30400
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	74757
	012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	7594
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	470397
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	757812
1		Әлеуметтік қамсыздандыру	471482
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	470366
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	470162
	057	Атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз ету	204
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1116
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	1116
2		Әлеуметтік көмек	243598
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	243598
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	122701
	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	20681
	006	Тұрғын үйге көмек көрсету	2348
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	13298
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1214
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	26568
	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	16114
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	40674

9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	42732
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	42732
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20236
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	7244
	021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	11750
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	3502
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	668446
	1	Тұрғын үй шаруашылығы	402547
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	308681
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	193767
	004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	56694
	098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	58220
	487	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	93866
	001	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй қоры саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	11194
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	82422
	2	Коммуналдық шаруашылық	257718
	487	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	257718
	058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	257718
	3	Елді-мекендерді көркейту	8181
	487	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	8181
	017	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	94
	025	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	8087
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	245296
	1	Мәдениет саласындағы қызмет	78963
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	77297
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	77297
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	1666
	011	Мәдениет объектілерін дамыту	1666
	2	Спорт	13523
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	13523
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8890

		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	2883
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	1500
3			Ақпараттық кеңістік	59708
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	45951
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	44980
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	971
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	13757
		002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	13757
9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	93102
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	79457
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7207
		010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250
		032	Ведомствалық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	72000
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	13645
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12395
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1250
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	288849
	1		Ауыл шаруашылығы	241399
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	20229
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19979
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	221170
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13734
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	2550
		008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	2000
		009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу	1980
		010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	13459
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	154997
		032	Ведомствалық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	32200
6			Жер қатынастары	13076

	463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	13076
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12826
	007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250
9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау мен жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	34374
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	34374
	099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	34374
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	20813
2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	20813
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	11768
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11518
	017	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250
	468	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	9045
	001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8795
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250
12		Көлік және коммуникация	683366
1		Автомобиль көлігі	675405
	485	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	675405
	022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	10000
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	20400
	045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	645005
9		Көлік және коммуникациялар саласындағы басқа да қызметтер	7961
	485	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	7961
	001	Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7711
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250
13		Басқалар	36168
3		Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	10763
	469	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	10763
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8113
	003	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	2400
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250
9		Басқалар	25405
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	25405
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	3171

		026	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	11921
		066	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	10313
14			Борышқа қызмет көрсету	51
	1		Борышқа қызмет көрсету	51
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	51
		013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	51
15			Трансферттер	2705190
	1		Трансферттер	2705190
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	2705190
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	37451
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	2500000
		038	Субвенциялар	166712
		051	Жергілікті өзін - өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	1027
			III. Таза бюджеттік кредит беру	64477
			Бюджеттік кредиттер	106050
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	106050
	9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау мен жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	106050
		453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	106050
		006	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	106050

Санаты			Сомасы (мың теңге)
	Сынып		
	Ішкі сынып		
	Атауы		
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	41573
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	41573
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	41573
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	41573

Функционалдық топ			Сомасы (мың теңге)
	Кіші функция		
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
		Атауы	

Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
---	---

Санаты	Сомасы (мың теңге)
Сынып	
Ішкі сынып	
Атауы	
Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0

Санаты	Сомасы (мың теңге)
Сынып	
Ішкі сынып	
Атауы	
V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-148135
VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	148135
7 Қарыздар түсімі	106050
01 Мемлекеттік ішкі қарыздар	106050
2 Қарыз алу келісім - шарттары	106050
8 Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	83658
01 Бюджет қаражаты қалдықтары	83658
1 Бюджет қаражатының бос қалдықтары	83658

Функционалдық топ	Сомасы (мың теңге)
Кіші функция	
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі	
Бағдарлама	
Атауы	
16 Қарыздарды өтеу	41573
1 Қарыздарды өтеу	41573
452 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	41573
008 Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	41573

Райымбек аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы "Райымбек ауданының 2019-2021 жылдарға арналған бюджеті туралы" № 48-223 шешіміне 2-қосымша

2020 жылға арналған аудандық бюджет

Санаты	Сомасы (мың теңге)
Сынып	
Ішкі сынып	
Атауы	
I. Кірістер	6547442

1		Салықтық түсімдер	238855
01		Табыс салығы	806
	2	Жеке табыс салығы	806
04		Меншікке салынатын салықтар	207245
	1	Мүлікке салынатын салықтар	178526
	3	Жер салығы	5506
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	18047
	5	Бірыңғай жер салығы	5166
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	22229
	2	Акциздер	3932
	3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	10332
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алым	7965
08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны үшін және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	8575
	1	Мемлекеттік баж	8575
2		Салықтық емес түсімдер	3593
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1113
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1113
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2480
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2480
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	6884
01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	5686
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	5686
03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	1198
	1	Жерді сату	1198
4		Трансферттердің түсімдері	6298110
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	6298110
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	6298110

Функционалдық топ			
	Кіші функция		Сомасы (мың теңге)
	Бюджеттік бағдарлама әкімшісі		
	Бағдарлама		
	Атауы		
	II. Шығындар		
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	6547442
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	366072
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	323291
		001 Аудан(облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	21346
			21096

		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	284671
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	89791
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	157915
		113	Жергілікті бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	36965
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	17274
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17024
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250
2			Қаржылық қызмет	24820
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	24820
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16558
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	600
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1421
		018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250
		113	Жергілікті бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	5991
5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	17961
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	17961
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17711
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250
02			Қорғаныс	50362
	1		Әскери мұқтаждар	2800
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2800
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	2800
2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	47562
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	47562
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	46962
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	600
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	655
	9		Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	655
	485		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	655
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	655
04			Білім беру	3840079

1		Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	92316
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	92316
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	92316
2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	2944752
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2844969
	003	Жалпы білім беру	2766563
	006	Балаларға қосымша білім беру	78406
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	99783
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	99783
4		Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	32176
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	32176
	018	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру	32176
9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	770835
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	770835
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14394
	004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	36594
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	66122
	012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	9975
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	480908
	113	Жергілікті бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	162592
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	316500
	1	Әлеуметтік қамсыздандыру	99087
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	99087
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	99087
	2	Әлеуметтік көмек	190680
